Бекітемін:
№ 2 Мәртөк мектеп-гимназиясының
директоры: М.Ш.Айтназаров

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының
2026-2027 оқу жылында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

Мақсаты:
Мектеппен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-анасының ықпалын арттыру. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. Ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен тығыз байланыста болу.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	• **№1 Ата-аналар жиналысы:** «МАД сыныбының мақсат-міндеттері және жаңа оқу жылына дайындық». • Сауалнама алу: «Баланың мектепке психологиялық дайындығы». • Жиналыс барысында ата-аналар комитетін сайлау, күн тәртібімен таныстыру.	**Қыркүйек**	Сынып жетекшісі психолог
2	• Консультация: «Баланың мектеп өміріне бейімделуі: қиындықтар мен шешімдер». • Дөңгелек үстел: «Баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру».	**Қазан**	Сынып жетекшісі
3	• Семинар-практикум: «Ойын арқылы баланы оқуға баулу (ұсақ моториканы дамыту)». • Жеке жұмыс: Көмекті қажет ететін балалардың ата-аналарымен жеке кеңесу.	**Қараша**	Сынып жетекшісі ата-аналар
4	• **№2 Ата-аналар жиналысы:** «1-ші жартыжылдықтың қорытындысы. Баланың алғашқы жетістіктері». • Бірлескен шара: «Жаңа жылдық сиқыр» (мерекелік шараға безендіру және қатысу).	**Желтоқсан**	Сынып жетекшісі ата-аналар
5	• Шеберлік сыныбы (Мастер-класс): «Баланың тілін дамыту және сөздік қорын байыту». • Үйде кітап оқу мәдениетін қалыптастыру бойынша жадынамалар тарату.	**Қаңтар**	Сынып жетекшісі мектеп кітапханашысы
6	• Психологиялық тренинг: «Балаңызды тыңдай білесіз бе? Отбасындағы өзара түсіністік». • «Ашық есік» күні (Ата-аналардың сабақтарға қатысуы).	**Ақпан**	Психолог, Сынып жетекшісі
7	• Мерекелік бағдарлама: «Ана — өмірдің гүлі» (8 наурыз және Наурыз мейрамына орай ата-аналармен бірлескен ашық шаралар). • Консультация: «Баланың гигиенасы және денсаулығын сақтау».	**Наурыз**	Сынып жетекшісі мектеп медбикесі
8	• Семинар: «Баланы бірінші сыныпқа қабылдау ережелері мен құжаттар жинақтау». • Папка-жылжыма дайындау: «Болашақ бірінші сынып оқушысының психологиялық портреті».	**Сәуір**	Сынып жетекшісі мектеп әкімшілігі
9	**№3 Қорытынды ата-аналар жиналысы:** «Біз мектепке дайынбыз! Жылдық есеп». • Сауалнама: «Мектеп алды даярлық сапасына ата-аналардың көзқарасы». • Салтанатты ертеңгілік: «Қош бол, МАД сыныбы!».	**Мамыр**	Сынып жетекшісі ата-аналар

0 «А» сыныбының тәрбиешісі: Юсупова Б.С.

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №1

Өткізілген күні: «11» қыркүйек 2026 жыл
Сыныбы: Мектеп алды даярлық
Қатысқандар: 19 ата-ана
Қатыспағандар:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектепалды даярлық сыныбының мақсат-міндеттерімен таныстыру. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары туралы ақпарат беру.
2. «Баланың мектепке психологиялық дайындығы» тақырыбында сауалнама алу.
3. Ата-аналар комитетін сайлау, күн тәртімен таныстыру, ағымдағы мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша: Сынып жетекшісі Юсупова Б.С. ата-аналарды жаңа оқу жылындағы мектепалды даярлық сыныбының мақсат-міндеттерімен таныстырды. Балалардың мектепке жан-жақты дайындығын қалыптастыру, танымдық қабілеттерін дамыту, тіл байлығын арттыру, қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру және оқу әрекетіне бейімдеу жұмыстары туралы түсіндірілді. Жаңа оқу жылына дайындық барысы туралы айтылды. Балалардың оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі, күн тәртібін сақтау, мектеп ережелерін орындау, тазалық пен жеке бас гигиенасына көңіл бөлу қажеттілігі ескертілді. Ата-аналарға баланың сабаққа уақытылы келуін және үйде оқуына қолайлы жағдай жасауды қадағалау ұсынылды.

2-мәселе бойынша: Ата-аналарға психолог Диналиева Ж. «Баланың мектепке психологиялық дайындығы» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты – баланың мектепке деген көзқарасын, эмоционалдық дайындығын, қарым-қатынас жасау дағдыларын және жаңа ортаға бейімделу ерекшеліктерін анықтау. Ата-аналарға баланы мектепке психологиялық тұрғыдан дайындау жөнінде кеңестер берілді.

3-мәселе бойынша: Ата-аналар комитетін сайлау мәселесі қаралды. Ата-аналардың ұсынысы бойынша ата-аналар комитетінің құрамы сайланды. Ата-аналарға күн тәртібі таныстырылып, алдағы уақытта өткізілетін іс-шаралар мен тәрбие жұмыстары туралы айтылды. Ата-аналар мен педагог арасындағы тығыз байланыс пен бірлескен жұмыстың маңыздылығы атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Мектепалды даярлық сыныбының мақсат-міндеттері басшылыққа алынсын. Балалардың жаңа оқу жылына қажетті оқу құралдарымен толық қамтамасыз етілуі ата-аналарға жүктелсін.
2. Балалардың мектепке психологиялық дайындығын қалыптастыру бағытындағы жұмыстар ата-аналармен бірлесе жүргізілсін.«Баланың мектепке психологиялық дайындығы» сауалнамасының нәтижелері назарға алынсын.
3. Ата-аналар комитетінің құрамы бекітілсін. Ата-аналар жиналысында таныстырылған күн тәртібі мен алдағы жұмыс жоспары басшылыққа алынсын.Ата-аналар мен сынып жетекшісі арасындағы байланыс тұрақты түрде жүргізілсін.
   Ата-аналар комитетінің төрағасы: Адилова Ақбота Сийлхановна
   Комитет мүшелері:
   1.Шаканова Бағила Елтайевна
   2. Зейнуллаева Динара Сабырғалийқызы

Жиналыс төрағасы: Адилова Ақбота Сийлхановна _____ (қолы А.Ж.Т.)

Хатшы: Диналиева Жанар Ерболатовна _____(қолы А.Ж.Т.)

1-іс-шара. Ата-аналарға арналған консультация

Тақырыбы: «Баланың мектеп өміріне бейімделуі: қиындықтар мен шешімдер»
Өткізу түрі: Консультация
Мақсаты: Ата-аналарға баланың мектеп өміріне бейімделу кезеңінің ерекшеліктерін түсіндіру, кездесетін қиындықтарды анықтау және оларды шешу жолдарын ұсыну.
Қатысушылар: Ата-аналар, педагог, сынып жетекшісі.
Өткізу формасы: Әңгімелесу, кеңес беру, сұрақ-жауап.
Іс-шараның барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Ата-аналармен жылы амандасып, консультацияның тақырыбы мен мақсаты таныстырылады.
2. Кіріспе бөлім
Баланың мектепке баруы – оның өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Бұл уақытта бала жаңа ортаға, күн тәртібіне, мұғалімдер мен сыныптастарына бейімделеді. Кейбір балаларда қобалжу, ұялшақтық, сабаққа қызығушылықтың төмендеуі сияқты қиындықтар кездесуі мүмкін.
3. Негізгі бөлім
Ата-аналармен төмендегі мәселелер талқыланады:

- Баланың психологиялық және әлеуметтік бейімделуі.
- Мектеп өміріне үйрену кезіндегі қиындықтар.
- Баланың сабаққа қызығушылығын арттыру жолдары.
- Ата-ананың қолдауы мен мұғаліммен байланысының маңызы.
- Баланың өзіне деген сенімділігін қалыптастыру.

4. Ата-аналарға практикалық ұсыныстар

1. Балаңызды мектепке барғаны және талпынысы үшін мақтаңыз.
2. Оны басқа балалармен салыстырмаңыз.
3. Күнделікті мектептегі жағдайы туралы әңгімелесіңіз.
4. Қателіктері үшін ұрыспай, қолдау көрсетіңіз.
5. Ұйқысы мен демалыс режимін қадағалаңыз.
6. Мұғаліммен үнемі байланыста болыңыз.
7. Балаға өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беріңіз.

5. Қорытынды бөлім
Ата-аналармен пікір алмасып, сұрақтарына жауап беріледі.
Қорытынды сөз:
Баланың мектепке бейімделуі – мұғалім, ата-ана және баланың бірлескен еңбегінің нәтижесі. Балаға түсіністікпен қарап, мейірім мен қолдау көрсету оның мектеп өміріне тез әрі жеңіл бейімделуіне көмектеседі.
Күтілетін нәтиже:

- Ата-аналар баланың мектепке бейімделу ерекшеліктерін түсінеді.
- Баланың психологиялық жағдайына назар аударудың маңызын біледі.
- Баланы қолдау мен ынталандыру әдістерін меңгереді.

2-іс-шара. Ата-аналармен дөңгелек үстел

Тақырыбы: «Баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру»
Өткізу түрі: Дөңгелек үстел
Мақсаты: Ата-аналарға баланың денсаулығын нығайту, оқу үлгерімін жақсарту және уақытын тиімді пайдалану үшін күн тәртібін дұрыс ұйымдастырудың маңызын түсіндіру.
Қатысушылар: Ата-аналар, педагог, тәрбиеші.
Өткізу формасы: Пікір алмасу, сұрақ-жауап, тәжірибе бөлісу.
Іс-шараның барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі
Ата-аналармен амандасып, дөңгелек үстелдің тақырыбы таныстырылады.
2. Кіріспе бөлім
Күн тәртібі – баланың денсаулығы мен дұрыс дамуының маңызды негізі. Уақытылы ұйықтау, дұрыс тамақтану, сабақ оқу, ойын және демалысты үйлестіру баланың көңіл күйіне және оқу жетістігіне оң әсер етеді.
3. Негізгі бөлім
Талқыланатын мәселелер:

- Күн тәртібінің бала өміріндегі маңызы.
- Ұйқы мен демалыстың қажеттілігі.
- Сабақ оқу мен ойын уақытын тиімді үйлестіру.
- Дұрыс тамақтану тәртібі.
- Телефон мен теледидарды пайдалану уақытын шектеу.
- Таза ауада серуендеу және дене белсенділігі.

4. Практикалық бөлім. «Менің баламның бір күні»
Ата-аналарға баласының күнделікті уақытын талдау ұсынылады. Олар баланың ұйқыға, сабаққа, ойынға, демалысқа және гаджеттерге қанша уақыт бөлетінін талқылайды.

2026–2027 оқу жылына арналған үлгі күн тәртібі

№	Режимдік сәттері	Екінші ауысым
1	Балаларды қабылдау	13:30–13:50
2	Жаттығу, шаттық шеңбері	13:50–14:00
3	Ұйымдастырылған оқу қызметі №1	14:00–14:25
4	Динамикалық үзіліс	14:25–14:55
5	Ұйымдастырылған оқу қызметі №2	14:55–15:20
6	Динамикалық үзіліс	15:20–15:30
7	Ұйымдастырылған оқу қызметі №3	15:30–15:55
8	Динамикалық үзіліс	15:55–16:05
9	Ұйымдастырылған оқу қызметі №4	16:05–16:30
10	Серуенге дайындық, серуен	16:40–17:30
11	Серуеннен оралу	17:30–17:40

12 Балалардың үйге қайтуы 17:40–18:10

Ескерту: Күн тәртібі баланың жасына, сабақ ауысымына және жеке қажеттіліктеріне қарай өзгертіледі.

5. Ата-аналармен пікір алмасу

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Балаңыздың күн тәртібі қалыптасқан ба?
2. Балаңыз күніне қанша сағат ұйықтайды?
3. Үй тапсырмасын орындауға қанша уақыт бөледі?
4. Телефон мен гаджеттерді пайдалану уақытын бақылайсыз ба?
5. Балаңыздың бос уақытын қалай ұйымдастырасыз?

6. Қорытынды бөлім

Ата-аналар өз ойларымен бөлісіп, күн тәртібін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар алады.

Қорытынды сөз:

Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі – баланың денсаулығының, жақсы көңіл күйінің және оқу жетістігінің негізі. Баланың уақытын тиімді жоспарлауда ата-ананың көмегі мен үлгісі өте маңызды.

Күтілетін нәтиже:

- Ата-аналар күн тәртібінің маңызын түсінеді.
- Баланың демалысы мен оқу уақытын тиімді ұйымдастыруды үйренеді.
- Баланың денсаулығын нығайтуға бағытталған дағдылар қалыптастырады.

Ортақ ұстаным:

«Бақытты бала – дені сау, өзіне сенімді, ата-анасының қолдауын сезінетін бала!»

қорытынды есеп

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесі

Ата-аналармен жұмыс жоспарына сәйкес «Баланың мектеп өміріне бейімделуі: қиындықтар мен шешімдер» тақырыбында консультация және «Баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Іс-шаралар барысында ата-аналарға баланың мектепке бейімделу ерекшеліктері, психологиялық қолдау көрсету, күн тәртібін сақтау, дұрыс демалыс пен тамақтануды ұйымдастыру туралы ақпарат берілді.

Ата-аналар өз ойларымен бөлісіп, пікір алмасты және балалардың тәрбиесі мен дамуына қатысты пайдалы ұсыныстар алды.

Жалпы нәтиже: Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыруға, отбасы мен білім беру ұйымы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға және балаға қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

1. Семинар-практикум

Тақырыбы: «Ойын арқылы баланы оқуға баулу (ұсақ мотериканы дамыту)»



Мақсаты: Балалардың ұсақ моторикасын дамыту арқылы оқуға деген қызығушылығын арттыру, ойын арқылы ойлау, есте сақтау, зейін қою қабілеттерін жетілдіру.

Міндеттері:

- Балалардың саусақ қимылдарын дамыту.
- Ойын арқылы әріптерді тануға, буындарды ажыратуға үйрету.
- Қол мен көз үйлесімділігін қалыптастыру.
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Практикалық бөлім:

Семинар барысында балалардың ұсақ моторикасын дамытуға арналған бірнеше ойын түрлері көрсетілді:

1. «Сиқырлы саусақтар» – саусақ жаттығуларын орындау.
2. «Моншақ тізу» – түрлі түсті моншақтарды жіпке тізу.
3. «Әріпті тап» – берілген әріптерді ажыратып, қажетті әріпті табу.
4. «Саусақпен сурет салу» – саусақ арқылы түрлі бейнелер жасау.
5. «Құмдағы әріптер» – құм бетіне әріптер мен сандарды жазу.

Қорытынды: Семинар-практикум барысында ойынның бала дамуына тигізетін маңызы түсіндірілді. Ұсақ мотериканы дамытуға арналған қызықты тапсырмалар көрсетіліп, ойын арқылы баланың оқуға деген қызығушылығын арттыру жолдары қарастырылды.

2. Жеке жұмыс

Тақырыбы:Көмекті қажет ететін балалардың ата-аналарымен жеке кеңесу.



Мақсаты: Көмекті қажет ететін балалардың ата-аналарына педагогикалық қолдау көрсету, баланың даму ерекшеліктерін талқылау және үй жағдайында дамыту жолдары бойынша кеңес беру.
Жұмыс барысы:
Ата-аналармен жеке әңгімелесу жүргізілді. Әңгімелесу барысында баланың балабақшадағы мінез-құлқы, қарым-қатынасы, оқу іс-әрекетіне қатысуы және даму ерекшеліктері талқыланды.
Ата-аналарға төмендегідей ұсыныстар берілді:

- Баламен күнделікті жеке уақыт өткізу.
- Үйде саусақ жаттығуларын және дамытушы ойындарды орындау.
- Баланың жетістіктерін мадақтап, қолдау көрсету.
- Бірлесіп кітап оқу, сурет салу және құрастыру жұмыстарын жүргізу.
- Баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп, асықтырмай жұмыс жасау.

Қорытынды: Жеке кеңес беру барысында ата-аналарға балалардың дамуын қолдау жолдары түсіндірілді. Отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайтудың маңыздылығы айтылды.

Практика күнделігіне арналған қорытынды
Бүгінгі практика барысында балалардың ұсақ моторикасын дамытуға арналған семинар-практикумға қатыстым. Әртүрлі ойындар мен жаттығулардың көмегімен балалардың қызығушылығын арттыру жолдарымен таныстым. Сонымен қатар көмекті қажет ететін балалардың ата-аналарымен жеке кеңес беру жұмыстары жүргізіліп, оларға педагогикалық ұсыныстар берілді. Бұл жұмыстар маған тәрбиешінің кәсіби тәжірибесін жетілдіруге және ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас орнатуға көмектесті.